

ФТАХА 17.82.10

DOI: <https://doi.org/10.62724/202510208>

Шаяхимов Дәулет Қуандықұлы*¹

Филология ғылымдарының кандидаты Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., Абай көшесі 76,
shdaulet@mail.ru, ORCID ID: 0009-0009-9788-3156

Молгаждаров Қасиет Какенұлы²

Филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., Абай көшесі 76,
kasiet_k@list.ru, ORCID ID: 0000-0002-9883-8228

Аубакирова Ботагоз Карабаевна³

Педагогика ғылымдарының магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., Абай көшесі 76,
a.b.k_1967@mail.ru, ORCID ID: 0009-0007-3394-2810

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «АР ІЛІМІ» ТУРАЛЫ ОЙ-ТҮЙІНДЕРІ

Аңдатпа. Ар – адамның моральдық бағыт-бағдарын, өзі және қоғам алдындағы ішкі жауапкершілігін анықтайтын негізгі категория. Қазіргі әлемде ар-ұжданды зерттеу және түсіну ерекше маңызды, өйткені жаһандану, технологиялық прогресс және бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін арттырумен бірге көптеген моральдық және этикалық дилеммаларға әкеледі. Ар-ұждан адамға моральдық бағдарды сақтауға және тұрақты өзгерістер мен сыртқы факторлардың қысымына қарамастан әділ әрекет етуге көмектеседі. Ар-ұжданды зерделеу шыншылдықтың, әділдіктің, басқа адамдарды құрметтеудің маңыздылығын түсінетін саналы азаматтардың қалыптасуына ықпал етеді. Қоғамдағы түрлі мәдени және моральдық құндылықтар қақтығысында бұл, әсіресе, өзекті.

Заманауи білім беру жүйесі адамгершілік тәрбиеге көп көңіл бөлуде және ар-ұждан бұл үдерістің негізгі элементіне айналуға. Көптеген қазақ ойшылдары мен ақындары ар-намыс, әділеттілік, қоғам алдындағы адамдық борыш мәселелерін көтерген. Қазақ мәдениетінде ар-ұждан әрқашан жеке сезімнен де жоғары дәрежеде қарастырылған – ол қиын-қыстау кезеңде де төзімді болуға мүмкіндік беретін ұлттық имандылықтың негізі және тұлғаның ішкі өзегі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз шығармашылығында «ар» ұғымына басты орын береді. Оның еңбектерінде ар-ұждан адам болмысын, оның ішкі тазалығын, өзінің және қоғам алдындағы жауапкершілігін анықтайтын ең жоғары адамгершілік категория ретінде қарастырылды. Аталған мақалада Шәкәрімнің «ар ілімі» туралы ой-пікірлері талданып, адамгершілік, ұждан мен этикаға қатысты ғылыми тұжырымдары туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар ғұламаның дін туралы өзіндік түсініктері жан-жақты қамтылған. Абайдың толық адам концепциясын тілге тие кете отырып, ар іліміне түсінік терең беріледі. Қазіргі қоғамдағы адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы атап өтіліп, Шәкәрімнің «ар ілімін» білім беру жүйесіне енгізудің өзектілігі көрсетіледі. Бұл жастардың ұлттық тәрбие мен мәдениетке сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың қоғамдағы этикалық және моральдық жауапкершіліктерін нығайтуға көмектеседі деген тұжырым жасалады.

Кілт сөздер. Шәкәрім Құдайбердіұлы, ар ілімі, ұлттық тәрбие, діни сауаттылық, ар-ұждан, адалдық.

Кіріспе. Өз заманының озық ойлы, парасатты да білімдар азаматы, қазақ халқының тұлғалы таланттарының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы келер ұрпаққа лирикалық жырлар, философиялық толғаулар, сан қилы ғибрат, нақыл өлеңдер жазып мол мұра қалдырды. Шәкәрім этика, дін, қазақ, қырғыз тарихы, тағы басқалар жайында тарихи философиялық трактаттар жазып, ғылыми мәселелермен шұғылданған ғалым, жазушы. Өз заманында өнері мол, өресі кең, көп іздене білген өте көрнекті, парасатты, білімді мәдениет қайраткері. Шәкәрім шығармашылығының негізгі мақсаты – халқының мұңын жеткізу, адам бойындағы жақсы қасиеттерді дәріптеп, өлеңдерінің өзегіне айналдыру. Ақын айналаның бәріне үңіліп, оның жамандығынан жиреніп, жақсылыққа ұмтыла білген [1, 5-бет]. Өлеңдері мен прозасында эпистемологияның қарапайым ұғымдарының өзін сыни тұрғыдан қарастырып, филологиялық жүйесін түсіндіреді [2, 3664-бет]. Шәкәрім өзінің ой толғаныстарында «Ар» мәселесін діни танымнан жоғары қояды. Демек ар-ұжданы бар адамның иманы да бар дегенді айтып отыр. Шәкәрім өз шығармаларында «Ар білімі» деген терминді қолданған. Ол «Ар» сөзін «совесть» деп тәржімалаған. Ар дегеніміз не? Ол тек адамға ғана қатысты түсінік. Бізде «ар» сөзіне ғылыми тұрғыдан қандай анықтама беріледі? «Шәкәрім» энциклопедиясында А.Тоқсамбаева: «Ар - адамгершілік сана, этика-философиялық категория. Адамгершілік (адамшылық, адамдық) қазақ халқында адам бойындағы жақсы қасиеттердің жиынтық мағынасын білдіретін ұғым-өлшем болса, Ар оның шығу тегі, бұлақ бастауы. Арды адам бойындағы жақсы қасиеттердің өлшемі, адамгершілік санасы деуге негіз бар», – дейді [3]. Ар-ұждан – моральдік сана-сезім ұғымы әрі этика категориясы: жеке адамның өзінің қоғамдағы маңызын сезінуін және қоғамның осы маңыздықты тану сәттерін қамтиды [4, 46-бет].

Абайдан тәлім алып, өмір жолын біліммен өрнектеген Шәкәрім Құдайбердіұлы әлем ойшылдарының еңбектерін терең зерттеп, даналықтың шыңына жетті. Ғұламаның «Ұждан» философиясы мен оның «Үш анық» атты еңбегі қазақ руханиятына, әсіресе Абай ілімін жалғастырып, адамзаттық құндылықтарды тереңірек танып білуге ерекше ықпал етті. «Үш анық» арқылы ол өмірдің мәні мен ақиқаттың сырын тануға тырысып, «ұждан» түсінігін басты орынға қояды. Шәкәрім адамды рухани биіктікке шақырып, тек игі қасиеттер арқылы ғана шынайы адам болып қалуға болатынын көрсетеді. Бұл идеялар қазақ қоғамына адамгершілік қағидаларды ұстанудың маңыздылығын тереңнен түсіндіреді. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс - ұждан. Ұждан - дегеніміз ынсап, әділет, мейірім», - деген сөзбен кітаптың шымалдығын ашады. Осылайша, ақын ақиқатты тану жолында сезімнен гөрі ақылдың рөлі басым екенін көрсетіп, екі дүниеде де ар сақтап, адам болып қалуды және бес күн өтер фәни қызығынан адами құндылықтардың қашан да биік тұруы маңызды екенін білдіреді.

Шәкәрім пікірінше, жанның екі өмірдегі азығы - ұждан. «Адамдығы нысап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда, мұсылманша ұждан, орысша совесть бар» [5, 30-бет]. Ұждан - араб сөзі, ол - мұсылмандық түсінік. Ақын айтуынша, оның құрылымы: нысап, әділет, мейірім. Шын мәнінде, бұндағы негізгі ұғым - әділет, қалған екеуі - оны айқындаушы ұғымдар, оның құрылымдары.

Шәкәрімнің бұрын қолданған ар сөзінің орнына ұждан ұғымын қолдана бастауы араб тіліндегі көптеген еңбектерді оқығанынан болса керек.

Ар ұғымына қатысты әр дәуірде әркім өзінше ой толғаған. Мәселен, М.Лермонтов адам ісіне құдаймен бірге төрелік ететін нәрсе деп арды көрсеткен. Асылында, ар -

адамгершілікке негізделген жоғары сана, философиялық және этикалық және ұғым. Оныншы бетте осы пікір қайталанады екеінің біреуін қалдыру керек сияқты «Ар түзер адамның адамдық санасын» деген жолдармен Шәкәрім ардың мәнін аша түседі. Адамгершіліктің бастауы арда болса, сананың негізгі өзегі де осында жатыр. Мырзагелді Кемелдің айтуынша, Шәкәрім түсінігінде ар деген ұят және ұждан сияқты ұғымдарымен тығыз байланысты және олардың өзара шекарасы әлі терең зерттелмеген [6].

Бағзы заманнан бері қазақ дүниетанымында ар мен ұят ұғымдары қатар жүргені белгілі. Оны тамыры тереңде жатқан мақал-мәтелдер, ата-бабадан мұра қалған дана сөздерден аңғаруға болады. Айталық: «Жан сақтама, ар сақта», «Өлімнен ұят күшті», «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садақасы» т.с.с. Қазақ түсінігінде ұятсыз адам - арсыз адам. Ұят жоқ жерде ар жоқ. Ұяты бар адам арын да ойлап жүреді. Осыған сүйенсек, ұят - арға апаратын нәзік жол іспеттес. Ұятты оятатын нәрсе - саналы адамның ақылы. Данышпан ақын ар ұғымын «ақылдың көзі» деп атағанын байқауға болады. «Ақылдың көзі» болмаса, бәрі мәнсіз.

Көз - бәрімізге белгілі, адамның қоршаған ортаны көру мүшесі. Ал Шәкәрім «ақыл көзі» деп нені меңзеп тұр? Бұл, әрине, іліммен нұрланған көкірек көзі. Көзбен және «ақыл көзімен» көрген дүние бірдей бола бермейді. Көзбен бір қарағанда мінсіз және зұлымдықтан ада болып көрінуі мүмкін дүние келбетінің мүлде басқа қырын «ақыл көзі» арқылы тануға болады. Міне, осы «ақыл көзі» пендеге әр нәрсенің түп мәнін, ақиқатын, жақсы не жамандығын боямасыз көрсетіп береді. Ол бейне бір қараңғы үңгірде қолыңа майшам ұстатқандай болады. Сірә, Абайдың «Жүректің көзі ашылса, Хақтың түсер сәулесі» дегеніндегі «жүрек көзі» «көкірек көзі» ұғымына сәйкес келеді. Бұл түсінікпен шектелмеген Шәкәрім сондай-ақ оны «таза ақыл» концепциясымен байланыстырады.

Шәкәрімнің ойынша, құттың кілті - адамның өзі, оның ниеті, білімі, адал еңбегі мен адамгершілігі. Шәкәрімнің «құт» концепциясы ақырында «Ар іліміне» келіп тірелетіні анық. Шын мәнінде, «құт» тек жүрек арқылы сезілумен шектелмейді; ол ақылмен, саналы әрі ізгі әрекеттермен кемелденіп, айналасына жарық шашуы тиіс. Құт еліне адал қызмет ету, тура жолдан таймау, білім мен өнерді талмай іздену арқылы табылмақ. Оны данышпан ақынның бұл бір шумағынан айқын аңғарамыз:

Адамдық борышың - халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай, ар сақта, оны біл.

Талаптан да білім мен өнер үйрен,

Білімсіз, өнерсіз, болады ақыл тұл [7, 167-бет]. Әуелі білім мен өнерді игеру үшін талап қажет. Талап - бұл мақсаты айқын, ойы таза, ары биік, ұяты берік адамның қасиеті. Талаптанбаған жан - адамның бейшарасы. Шәкәрімнің айтуынша, талапсыз ештеңе өнбейді. Шын мәнінде, талап - жас адамға тән қасиет, Абайдың сөзімен айтқанда, «бойда қуат, ойда көздің» болуы - жастарға арналып айтылғаны анық. Мұны ақынның «Жастарға» атты өлеңіндегі мына екі жол айғақтайды:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Арам айла, зорлықсыз мал табалық [7, 11-бет]. Жастарды адамгершілікке, адал еңбекке және ізгілікке шақыру - ойлы, ақылды, арлы адамның міндеті. Мұндай даналар орта ғасырларда да кездескен. Соның бірі - Жүсіп Баласағұн, ол былай деп ой түйген:

Бұл жалғаннан күтсең барлық ырысын,

Түзу болсын сөзің, ойың, жұмысың [8, 189-бет].

Шәкәрім дүниетанымына соқыр сенім жат. Ол нені болса да ақылға салып, саралайды:

Пайғамбар, әулие айтты десе-дағы,

Ақыл қабыл алмаса, ол маған жат.

Шатақ дінге, әдетке не білгішке,

Ноқталатпай ойымды қылам азат.

«Ақылға билетпеген пенде - айуан»

Құраннан табылады талай аят.

Тәпсір деп қасиетін талқан қылып,

Бұзғанмен Құран болмас, адасқан хат» - деп келетін өлең жолдарында ақынның ой-өрісі діни фанатизмнен алысқа кең құлаш ұрып, «ақыл категориясын» философиялық тұрғыдан терең зерделеуге бағытталғанын байқаймыз.

Шәкәрімнің ойынша, «ақылдың қабыл алуы» және «ақылға билету» - саналы адамға қойылатын басты талап. Мұнда айтылып отырған ақыл жалаң немесе үстірт емес, керісінше, парасат биігіне көтерілген, ізгілікке негізделген, жақсы мінез-құлықпен қалыптасқан және өнер-біліммен ұштасқан терең парасатты ақыл. Шәкәрімнің көзқарасы бойынша, ақыл-ойдың тұсаулы, шектелген болуы пайда әкелмейді, яғни «ноқталы ой» ешқандай шынайы ақиқатқа жеткізе алмайды.

Шәкәрімнің түсінігінде ақыл-ой тәрбиесі рационалды әрі иррационалды сипатқа ие: біріншісі - суық, таза ақылмен түсініп, болжау; екіншісі - сезім мен жүректің нәзік қасиеттеріне, жүректің адалдығы мен пәктігіне сену, сол арқылы шаттанып, қуаныш табу, рухани ләззат алу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Шәкәрім Құдайбердіұлының ар-ұждан және адамгершілік философиясы туралы ой-пікірлерін зерделеу үшін «Үш анық», «Мұсылмандық шарты» сияқты еңбектері пайдаланылды. Зерттеу әдеби-философиялық дереккөздерді, соның ішінде Шәкәрімнің өз шығармаларын, Шығыс және Батыс философтарының еңбектерін, сондай-ақ бұған қатысты зерттеушілердің еңбектерін жан-жақты талдауға негізделген. Талдауда қазақ халқының ұлттық-адамгершілік болмысының бір бөлігі ретінде қарастырылатын Абайдың «толық адам» және Шәкәрімнің «ар ілімі» туралы ойлары маңызды рөл атқарады.

Теоретика-әдіснамалық әдіс Шәкәрімнің өз шығармаларын, сондай-ақ қазақ, шығыс және батыс ойшылдарының ар-ұждан, имандылық, рухани кемелдік тақырыптарын қозғаған еңбектерін зерттеуді қамтиды. Зерттеу ұлттық адамгершілік дәстүрге қатысты теорияларға, сондай-ақ Абайдың «толық адам» туралы философиялық ойларына негізделген. Шәкәрім Абайдың ой-пікірлерін дамытып, оны өзінің этикалық ілімімен байытады, бұл «ар ілімін» негізгі адамгершілік ұстаным ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қазақ мәдениеті аясындағы «ардың» ұлттық болмыстағы маңызын ашуға көмектеседі.

Герменевтикалық талдау шығармалардың ішкі мазмұнын ашуға, философиялық категориялар мен концепцияларды бөліп көрсетуге, сонымен қатар оларды динамикалық тұрғыдан, Шәкәрімнің философ және жазушы ретіндегі даму контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс Шәкәрімнің ар-ұждан мен адам табиғаты арасындағы байланысты, ізгілік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысты қалай бейнелейтінін түсіну үшін өте маңызды.

Интерпретация және реконструкция әдістерін қолдану Шәкәрімнің философиялық категориялары мен ой-пікірлерін мәтіндердің контекстінен бөліп алып, қазіргі заманға бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл үдерісте «ар», «ұждан», «ақыл көзі» ұғымдарын қазіргі қоғамда, білім беруде қолдану тұрғысынан қайта жаңғыртудың маңызы ерекше.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Шәкәрім қажының халық арасында дін тәрбиесі мен дінтану мәселелеріне де аса көп көңіл аударған. Сонымен қатар, халық арасында қаптап кеткен дүмше молдаларды да қатаң сынға алған. Теріс діни түсінік ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететінін, қоғам мен мемлекетке қауіпті екендігін жете түсінген

адам. Осы мәселеге байланысты ақынның мына өлең жолдарынан оның өзіндік ой-қорытындысын аңғару қиын емес.

Шәкәрім қажы дінтану мен діни тәрбие мәселелеріне көп мән берген. Қоғамда көбейіп кеткен дүмше молдаларды қатты сынға алған. Дашынпан ақын теріс діни түсініктердің ұрпақ тәрбиесіне зиян келтіріп, қоғам мен мемлекетке қауіп төндіретінін жете түсінген. Бұл тақырыпқа қатысты ақынның өзіндік көзқарасын мына өлең жолдарынан байқауға болады:

«Қазақтың түп атасы - батыр Түрік,
Арабсың деген сөздің түбі - шірік.
Төтенше сахабаның затысың деп,

Алдаған, дін жамылған өңкей жүлік». Қазақ тарихының түп төркіні Көне Ғұндар мен Көк Түркілерге барып тірелетіні ғылыми тұрғыда дәлелденген. Орта ғасырларда дін уағыздаушылары әдейі тарихты бұрмалап, өз ықпалын кеңейтуді көздеген. Бұл бұрмалаушылыққа алғаш қарсы тұрғандардың бірі - Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Қазіргі жастар тәрбиесіндегі ең басты әрі қауіпті мәселелердің бірі - олардың түрлі діни ұйымдарға тартылуын былай қойғанда, Ислам дінін дұрыс танып-білмей, Араб және Пәкістан елдерінде білім алып, нәтижесінде ата-баба дінімізден және ұлттық салт-дәстүрлерімізден алыстап кетуі.

«Дін адамды бір бауыр қылмақ етеді,
Оны бұзып дұшпандық қару жасыр,
Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,

Дін десе білімділер тұра қашар» - дейді [7, 115-бет]. Міне, осындай шатақ дінді әкеліп, ақылы бар, есі бар азаматтың бәрі дін десе тұра қашатыны осыдан. Мұның негізгі мақсаты - жастарымызды ұлттық салт-дәстүрімізден және ата дінімізден алыстату.

Шәкәрім «Кісіге адамшылық неге керек» деген өлеңінде адамдық пен айуандық бір-бірімен бетпе-бет келіп, адамдық қасиеттің орны белгіленеді.

Кісіге адамшылық неге керек,
Адамдық өзге айуаннан артық демек.
Ит жалаған төбеттен қалай дейсің,
Аямай әлі келгенді жұлып жемек - деп, оқырманға ой тастайды, пікір сұрайды.
Одан әрі қарай:

Мейрім - жақсы, зұлымдық - жаман дейсің,
Қасқырлыққа қайтесің кұр дөңгелеп.

Жаны ашып, жәрдем қылмай өткен адам,
Өсіп-өшіп құлаған бір бәйтерек - деп, өзі қорытынды жасайды [7, 120-бет].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдері азаматтық рухты жоғары көтертіп, әділдік, ар-ұят, қамқорлық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Осы айтылғандарды қорыта келе ақын «Ар ілімі оқылса», - дейді [7, 147-бет].

Шәкәрім ислам ойшылы болғанымен, оның білімдарлығы, даналығы, шығармашылығы мен еңбегі Шығыс пен Батыс, ислам мен христиандық арасындағы мәдениетаралық және дінаралық диалогтың, рухани келісімнің көрнекті үлгісі бола алады.

Л.Толстоймен хат алмасып, Шығыс философиясымен қатар Платон, Кант, Шопенгауэр, Спенсер еңбектерін жақсы білетін қазақ ойшылы білімге деген шексіз құштарлықпен маңызды шындықты іздеді, ақыры оны тапты.

Шәкәрім «адал еңбек, ар-ождан ақыл, шынайы жүрек жақсы өмірдің негізі болуы керек» деген тұжырымға келді. Ол адам үшін ең басты ғылым - ар-ұждан ғылымы деп есептеді және бұл ғылымды бала кезден бастап үйретуге болатынын атап өтті. Бұл

идеялар оның «Үш анық» атты кітабының өзегі болып табылады, онда автор адам болудың өзіндік философиялық тұжырымдамасын ұсынған.

Ар-ұжданның үндері әркілі болуы мүмкін. Адам дұрыс өмір сүргенде, ар-ұжданның үні ұстаздың не тәлімгердің даусындай естілуі ықтимал. Алайда, бұл ең алдымен Құдайдың дауысы екені сөзсіз. Осы себептен Шәкәрім ар-ұжданды тек моральдық-этикалық емес, сонымен бірге теологиялық ұғым ретінде есептеген. Біздің ойымызша, Шәкәрім ар-ұжданның әмбебап рухани мәнге ие екенін пайымдаған. Ақын тұжырымдамасындағы руханият категориясы оның жалпыадамзаттық құндылығына байланысты әмбебаптық сипатқа ие болады. Ол руханилықты жеке тұлғаның адамгершілігі мен мәдениетінің әмбебап өлшемі ретінде қарастырған.

Шәкәрім адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін барынша терең түсінуге тырысып, Абай дәстүрлерін ұстана отырып, адамзат өркениеті мен қазіргі заманның алдыңғы дәуірлеріндегі рухани тәжірибені зерттеуге бет бұрады. Сонымен қатар, Абайдың гуманистік дәстүрлері адамгершілік мәселелерін қоюда және шешуде айқын көрінеді, бұл Абайдың Шәкәрімге тікелей рухани әсерімен байланысты.

Шәкәрім адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін терең түсініп, Абайдың дәстүрлерін жалғастыра отырып, адамзат өркениетінің рухани тәжірибесін, сондай-ақ өткен дәуірлердің құндылықтарын зерттеуге ден қояды. Абайдың гуманистік идеялары Шәкәрім шығармашылығында айқын көрініс табады, бұл Абайдың Шәкәрімге рухани ықпалын көрсетеді. Шәкәрімнің («Шын таза жан») адамгершілік идеалы және Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы арасында ұқсастықтар бар. Идеал адам бойында үш негізгі қасиеттің болуы талап етіледі: «мейірімді, асыл жүрек» («Ақ жүрек»), «Таза ақыл» және «еңбекқорлық» («Адал еңбек»).

Сонымен қатар, Шәкәрім адамның мінез-құлқының күрделілігін терең түсіне отырып, әр адамның бойында жағымды ұмтылыстармен қатар жағымсыз жақтардың да бар екенін мойындайды. Бұл көзқарас адам табиғаты туралы маңызды философиялық сауалдарды көтереді: Адам дегеніміз не? Оның әрекеттері мен мінез-құлқы қандай факторлармен анықталады? Оның өмір сүруінің түпкі мәні неде?

Шәкәрімнің адамның мәні мен жаны туралы мәселеге қатысты көзқарастары Абайдың ұстанымдарымен үндесіп жатыр. Бұл идеялардың терең бастауларын ортағасырлық Шығыс ойшылдары (әл-Фараби, Ибн Сина, Хафиз) және ежелгі грек философиясынан (Платон) іздеу қажет.

Шәкәрім адамның өлмейтін жан мен өлетін денеден тұратынын көрсетеді. Бұл екі категорияның қажеттіліктері түбегейлі өзгеше, себебі олардың мәні мүлде басқа: жан әрқашан жақсылық жасауға, адамдарға жарық пен жылулық сыйлауға, әлемнің сансыз құпияларын тануға ұмтылады; ал дененің қажеттіліктері көбінесе адамның ашкөздік, мақтаншақтық, даңққұмарлық секілді тар эгоистік мүдделерімен шектеледі, бұл қасиеттер адамды сансыз қатігездікке итермелейді. Дегенмен, ғаламның айрықша ерекшелігі - жан мен дененің бір-біріне сүйсініп өмір сүре алмайтыны, олардың өзара әрекеттесуінде жатыр.

Ар - адамдық сананың негізі деп: «ар түзер адамның адамдық санасын» деген өлең жолдарымен Шәкәрім де айтқан. Шәкәрімше айтқанда, ар өзіне жақын, әлі ара жігі ашылып зерттелмеген ұят, ұждан ұғымдарымен бірлікте.

Шәкәрім «Ашу мен ынсап» атты өлеңінде «ар» сөзін бірнеше рет қайталанған:

Бәріне де құлақ сал,
Рахым, ұят, ар қайда?

Және:

Көп наданнан жасқанып,
Сорлық елге бас ұрған.

Рахым, Ұят, Арының,
Бетін топырақ жасырған.
Және де:

Дайын қылдым бәрін де,
Сақтық, Ұят, Рахым, Ар,
Ынсап деген кәрің де.

Бұл өлеңде ар адам бойындағы ашу-ызаға қарсы, ынсапқа жақтас қасиет ретінде көрініс тапқан.

«Жастық туралы» деген өлеңінде:

Қарамай ұят, арына,
Жанды қиып жарына, - дейді.

Шәкәрімнің шығармашылығында (өлеңдері мен аудармаларында) ар тазалығы, адамгершілік, имандылық мәселелері жиі қозғалады. Ол тек өзінің ішкі табиғатына, көзқарасына сай келетін және идеясын жеткізуге лайық детальдар мен сюжеттік элементтерді тапқан кезде ғана туынды жазуға кіріседі.

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып, "көппен көрген ұлы той" деп,
Береді бұл надандық кімге пайда? - депті қазаққа Шәкәрім.

"Ақылды сол - нысап пен ар сақтайды,
Арсыз сол - арамдықпен жан сақтайды.
Адал сол - таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды".

Және:

"Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан,
Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,
Өлген артық дүниені былғағаннан", - деген шумақтар да Шәкәрімнің ар ғылымына дәлел боларлық өлең жолдары.

Шәкәрім арды түзейтін ғылымды жақтайды және «ар білімінің» алдыңғы қатарға шығуын қалайды. Оның «таза ақыл» мен «ақ жүрек» туралы ойлары жай ғана бос әңгіме емес, адамгершілік философиясынан бастау алады. Ол кез келген істе ізгілік пен әділеттілік негізгі басымдық болуы керек деп есептейді.

Шәкәрімнің өлеңдерін мұқият оқып қарасақ, «ар» ұғымына қатысты жолдардың айтарлықтай көп екеніне көз жеткіземіз:

Арсыз арам, асығыс айлакерлік,
Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.
Құдай кешер, Алла деп күнә қылмақ,
Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ.
Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық,
Талапқа алты түрлі нокта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.
Ар демек - адамшылық намыс деген,
Арың кетпес жағыңа қарыс деген [7, 75-бет].

Адам жаны - екіұшты құбылыс. Шәкәрімнің поэтикалық тұжырымдамасына сәйкес, жан екі бөліктен тұрады: жоғарғы (ар-ұждан) және төменгі (нәпсі). Бұл бөліктер өзара күрделі және қарама-қайшы қарым-қатынаста болады. Жанның төменгі бөлігі (нәпсі) дененің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға жауапты болса, жоғарғы

бөлігі – ар-ұждан (ар-азамат) – жанның рухани, шынайы қажеттіліктерімен тығыз байланысты.

Ар-ұждан заңдарына сәйкес өмір сүретіндер үшін алғашқы Жаратушының сыйы надан молдалардың түсіндіруіндей, жұмақ бақтарындағы экзотикалық жемістерде емес, жанның жаңа денеде өмір сүріп, өзін жетілдіруге және рухани дамуға мүмкіндік алуында жатыр. Қазақ гуманистінің тұжырымдамасына сәйкес, әр адамның жаны ғаламның заңдылықтары мен алғашқы Жаратушы алдында есеп беретінін біледі. Жанның басты қажеттілігі - ар-ұждан, сондықтан ол әрдайым жақсылық пен жарыққа ұмтылады. Алайда, бір сәттік ләззат пен өз пайдасын көздеген адам бұл «жанның дауысын» әрдайым ести бермейді. Осылайша, адамның моральдық жетілуі ар-ұждан заңдарына сәйкес өмір сүруге ұмтылуымен тікелей байланысты болуы тиіс. Бұл ұмтылыс адамның нәпсісін жеңе білуін талап етеді. Сондықтан Шәкәрімнің еңбектерінде жеке тұлғаның моральдық өзін-өзі жетілдіру мәселесі ерекше орын алады. Ол адамның өзін-өзі бағалау, өзін-өзі бақылау және ар-ождан тазалығына негізделген әрекеттеріне терең үңілу қабілетін дамытуға ерекше мән береді. Адам мен Жаратушының мәнін осылайша түсіндіріп, Шәкәрім әркімді ар-ұждан туралы іс-әрекеттің пайдалылығына сендіретін жаңа «Ар-ұждан ілімін» жасау қажет деп санайды. Ағартушы ретінде Шәкәрім Абайдың адамгершілік мәселелеріне рационалистік көзқарасын толығымен бөліседі: ақын-философ шынайы білімді адамгершілік әрекеттерінің шарты деп санайды. Шынайы болмысты білу, қазақ гуманистінің ойы бойынша, этиканы құруға берік негіз беруі тиіс. Жаңа ілім, «Ар-ождан туралы ілім» адамдарға ғылымның мәні мен адам туралы, оның болмысы мен өлімінің мәні туралы, адамның жаны сияқты құбылыстың құпиясы туралы, моральдық тұрғыдан не үшін пайдалы екендігі туралы объективті білім беруге арналған.

Шәкәрім адам мәні мен Жаратушы мәнін түсіндіру арқылы ар-ұжданның пайдалылығына сендіретін жаңа «ар-ұждан ілімін» (Ар ілімі) жасау қажет деп есептейді. Бұл жаңа ілім - адамдарға ғаламның табиғаты мен адам болмысы, оның өмірі мен өлімінің мәні, адамның жан дүниесінің құпиялары туралы және моральдық әрекеттердің пайдалы болу себептері туралы объективті білім беруге арналған. Яғни, бұл ілім қазіргі замандағы түрлі қиындықтар мен қайшылықтарды еңсеру үшін қажет. Ағартушы ретінде ол Абайдың адамгершілік мәселелеріне рационалистік көзқарасын толық қолдайды: шынайы білім адамгершіліктің шарты деп біледі. Шәкәрімнің ойынша, шынайы болмысты тану этика құру үшін мықты іргетас болуға тиіс.

Шәкәрім дүниетанымының ерекшелігі оның поэтикалық әлемінің көптеген қырларын айқындап берді. Адамгершілік туралы ұзақ жылдар бойы толғанған Шәкәрім адамды моральдық мінез-құлыққа білім де, әлеуметтік өзгерістер де, дін де емес, ар-ұждан ғана жетелейді деп тұжырымдайды. Ар-ұждан адамды жеке басының тар эгоистік қажеттіліктерінен қорғап, оны қатыгездікке барудан сақтайды. Осылайша, адамның тар эгоистік ұмтылыстарына (нәпсіге) ар-ұжданның қарсылығы Шәкәрім поэзиясының басты лейтмотивтерінің біріне айналады. Қоршаған адамдардың мінез-құлқы, олардың бір-бірімен және табиғатпен өзара қарым-қатынасы, түрлі әлеуметтік өзгерістердің сипаты, сондай-ақ адам өмірінің мәні мәселелері адамның тар эгоистік ниеттері мен ар-ұждан арасындағы қарама-қайшылық тұрғысынан қарастырылады. Жоғарыда айтылғандай, Шәкәрімнің дүниетанымдық көзқарасы діни-адамгершілік дүниетанымның рационалды негізінде қалыптасады. Ақын жанның қажеттіліктерін ескере отырып, ар-ұждан заңдарына сай өмір сүруге шақырады.

Қорытынды. Біздің ойымызша, Шәкәрімнің ар ілімі еліміздің барлық оқу орындарында оқытылса, бұл қазақ жастарының ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрлерден қол үзбеуінің кепілі болар еді. Қазақ халқы әрдайым ар-намыс ұғымдарын жоғары бағалаған. Мысалы, ауыз әдебиетінің батырлар жырлары мен лиро-эпостық дастандарын

алсақ, олардың барлығы ұлттық тәрбие мен көшпенділердің жоғары мәдениетіне толы. Ата-анасының ақ батасын алмаған немесе салт-дәстүрді бұзған жастардың тағдыры трагедиямен аяқталатыны - бұл Дала заңының, яғни ар ілімінің көрінісі. Аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлы «Арлы адам - ардақты» деп айтқандай, халқымыз ар-намысын биік ұстайтын азаматтарды әрдайым құрметтеген. Мұндай құндылықтарды насихаттау тек ата-анаға ғана емес, сонымен қатар жастарды тәрбиелеуші ұстаздардың да міндеті мен жауапкершілігі екенін түсініп, оны шәкірттердің жүрегіне жеткізе білуіміз қажет.

Шәкәрім өз дәуірінің алдыңғы қатарлы тұлғаларының бірі болып, қазақ қоғамының даму жолдарын терең түсінуге ұмтылды. Ол қоғамның прогрессивті дамуын қамтамасыз ететін жағдайларды зерделеп, қазақ халқының рухани құндылықтарын сақтау қажеттігін көрегендікпен сезінді. Шәкәрімнің түсінігінде, адамгершілік пен әділеттілік қоғамның барлық салаларында нығая түссе, бұл қоғамдық прогрестің басты өлшемі болмақ. Сондықтан оның философиялық көзқарастары мен көркем шығармашылығында адамгершілік мәселелері негізгі орын алады.

Қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында қазіргі кезде «Ар ілімі» пәні жастардың тура жолды таңдауына, зиялы қауым қатарын толықтыруға өз үлесін қосады деп сенеміз. Бұл пән жас ұрпақтың рухани-адамгершілік дамуына бағытталған маңызды қадам болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Kakimzhanova, A.L. Verbalization of national values in the discourse of Shakarim Kudaiberdiuly [Text] / A.L. Kakimzhanova // Bulletin Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series: Philological sciences. – 2023. – Vol. 70 № 3. – 9 p. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.007>

2 Sydykov, E.B., Nysanbayev, A.N., Kurmanbaev, E.A. Kazakh Philosophy: from Abai to Shakarim [Text] / E.B. Sydykov, A.N. Nysanbayev, E.A. Kurmanbaev // International Journal of Environmental & Science Education. – 2016. – Vol. 11 – № 10. – P. 3661-3669.

3 Кемел, М. Шәкәрімнің ар ілімі [Текст] / М. Кемел // Abai.kz ақпараттық порталы, 2011. URL: <https://abai.kz/post/10629>

4 Философиялық сөздік [Текст] / Ред. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин т.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.

5 Құдайбердіұлы, Ш. Үш анық [Текст] / Ш. Құдайбердіұлы – Алматы: Қазақстан: «Ғақлия ғылым», 1991 – 80 б.

6 Кемел, М. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. [Текст] / М. Кемел – Алматы: «Қазығұрт», 2013. – 848 б.

7 Құдайбердіұлы, Ш. Қазақ айнасы: өлеңдер мен поэмалар [Текст] / Ш. Құдайбердіұлы – Алматы: «Атамұра», 2003. – 294 б.

REFERENCES

1 Kakimzhanova, A.L. Verbalization of national values in the discourse of Shakarim Kudaiberdiuly. Bulletin Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. Series: Philological sciences.(2023):Vol. 70, № 3, 9 p. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.70.3.007>

2 Sydykov, E.B., Nysanbayev, A.N., Kurmanbaev, E.A. Kazakh Philosophy: from Abai to Shakarim. International Journal of Environmental & Science Education, (2016): Vol. 11, № 10, P. 3661-3669.

3 Kemel, M. Shakarimning ar ilimi [The idea of conscience in Shakarim]. Abai.kz. September 26, 2011. URL: <https://abai.kz/post/10629> – (in Kaz)

4 *Filosofiyalyq sozdik* [Dictionary of Philosophy]. Red. Nurgaliev R.N., Aqmambetov G.G., Abdildin Zh.M. etc., Almaty: «Qazaq enciklopediyasy», (1996): 525 p. – (in Kaz)

5 Qudajberdiuly, Sh. Ush anyq [Three insights]. Almaty: Qazaqstan: «Gaqliya gylym», (1991): 80 p. – (in Kaz)

6 Kemel, M. Eki tomduq shygarmalar zhinagy [Two-volume collection of works]. Vol. I. Almaty: «Qazygurt», (2013): 848 p. – (in Kaz)

7 Qudajberdiuly, Sh. Qazaq ajnasy: olengder men poemalar [Mirror of Kazakh nature: poems and verse]. Almaty: «Atamura», (2003): 294 p. – (in Kaz)

МЫСЛИ О «УЧЕНИИ СОВЕСТИ» В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ШАКАРИМА

Аннотация. Совесть (ar) – основная категория, определяющая нравственный ориентир человека, его внутреннюю ответственность перед самим собой и обществом. Изучение и понимание совести особенно важно в современном мире, поскольку глобализация, технологический прогресс и развитие средств массовой информации наряду с увеличением возможностей взаимодействия приводят ко многим морально-этическим дилеммам. Совесть помогает человеку сохранять нравственный ориентир и поступать праведно, несмотря на постоянные изменения и давление внешних факторов. Изучение совести способствует воспитанию добросовестных граждан, понимающих важность честности, справедливости и уважения к другим людям. Это особенно актуально, когда в обществе сталкиваются различные культурные и нравственные ценности.

В современной системе образования большое внимание уделяется нравственному воспитанию, и главным элементом этого процесса становится совесть. Многие казахские мыслители и поэты поднимали вопросы чести, справедливости и человеческого долга перед обществом. В казахской культуре совесть всегда считалась выше личных чувств – она является основой национальной морали и внутренним стержнем человека, позволяющим выстоять даже в трудную минуту.

Шакарим Кудайбердиулы в своем творчестве главное место отводит понятию «ar». В его произведениях совесть рассматривалась как высшая нравственная категория, определяющая человека, его внутреннюю чистоту, его ответственность перед собой и обществом. В данной статье анализируются мысли Шакарима о «учении совести», обсуждаются научные открытия, связанные с моралью, совестью и этикой. При этом всесторонне освещаются собственные представления ученого о религии. Дается глубокого понимание учения о совети в контексте концепции Абая о полноценном человеке. Подчеркивается важность нравственного воспитания в современном обществе, а также показана актуальность внедрения «учения совести» Шакарима в систему образования. Авторы приходят к выводу, что это не только повышает любовь молодежи к национальному образованию и культуре, но и способствует укреплению их этико-нравственной ответственности в обществе.

Ключевые слова. Шакарим Кудайбердиулы, учение совести, национальное воспитание, религиозная грамотность, совесть, честность.

THOUGHTS ON THE “TEACHING OF CONSCIENCE” IN THE WORKS OF SHAKARIM

Abstract. Conscience (ar) is a key moral category that defines a person’s ethical responsibility to themselves and society. In today’s world, globalization, technological

progress, and media expansion create moral dilemmas, making the study of conscience crucial. It helps individuals maintain integrity despite external pressures and fosters honesty, fairness, and respect, especially in culturally diverse societies.

Moral education is central to modern curricula, with conscience as its core. Kazakh thinkers emphasized honor, justice, and duty, considering conscience the foundation of national morality. Shakarim Kudaiberdiuly placed it at the heart of his philosophy, viewing it as the highest moral principle shaping a person's inner purity and responsibility.

This article explores Shakarim's "teaching of conscience," its relation to Abai's concept of a complete person, and scientific insights into morality and ethics. It also examines Shakarim's views on religion and their relevance to education. The study concludes that integrating his ideas into modern curricula strengthens youth's ethical and moral values while fostering appreciation for national culture.

Key words. Shakarim Kudaiberdiuly, teaching of conscience, national education, religious literacy, conscience, honesty.